

2009

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ГODOBOY OTЧET



«Самұрық-Қазына»
жылжымайтын
мүлік қоры



2009

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ГОДОВОЙ ОТЧЕТ



Фонд
Недвижимости
«Самрук-Казына»

МАЗМҰНЫ

6	Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі
8	Басқарма Төрағасының үндеуі
11	«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ туралы ақпарат
17	Корпоративтік басқару
24	2009 жылғы басты қызмет көрсеткіштері
26	2009 жылғы қызметінің негізгі бағыттары
51	Қаржылар
55	Тәуекелдерді басқару
59	Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
62	2010 жыл перспективалары
65	Ұйымдастыру құрылымы және басшылық
73	Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үйге қол жетімділік секторының талдауы
85	Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігінің 2009-2010 жылдарға арналған экономикалық және қаржылық жүйені тұрақтандыру жөніндегі бірлесіп әрекет ету жоспарын жүзеге асыру шаралары жоспарымен қарастырылған жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу шараларының шолуы
93	2008 жылдың қаржы есептілігі және тәуелсіз аудиторлардың есебі

СОДЕРЖАНИЕ

7	Обращение Председателя Совета директоров
9	Обращение Председателя Правления
11	Информация об АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына»
17	Корпоративное управление
25	Ключевые показатели деятельности за 2009 год
27	Основные направления деятельности в 2009 году
51	Финансы
55	Управление рисками
59	Корпоративная социальная ответственность
63	Перспективы на 2010 год
65	Организационная структура и руководство
73	Анализ сектора жилищного строительства и доступности жилья
85	Обзор мер по решению проблем на рынке недвижимости, предусмотренных Планом мероприятий по реализации Плана совместных действий Правительства Республики Казахстан, Национального Банка Республики Казахстан и Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций по стабилизации экономики и финансовой системы на 2009–2010 годы
93	Финансовая отчетность за 2009 год и отчет независимых аудиторов



ӘЙТЕКЕНОВ Қ.М./ АЙТЕКЕНОВ К.М.

Басқарушы директор —
«Самұрық-Қазына»
ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
Басқармасының мүшесі

«Самұрық-Қазына»
жылжымайтын мүлік қоры» АҚ
директорлар кеңесінің төрағасы

Управляющий директор —
член Правления
АО «Фонд национального
благополучия «Самрук-Қазына»
Председатель Совета директоров
АО «Фонд недвижимости
«Самрук-Қазына»

ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!



Кейінгі жылдар еліміздің тұтас экономикалық жүйесі үшін ауыр сын болды. 2007-2009 жылдары мемлекетіміз экономика мен қаржылық жүйені тұрақтандыру бойынша теңдессіз шаралар қабылдады. Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан дағдарысқа қарсы бағдарлама пәрменді де тиімді бағдарламалардың бірі деп танылды. Аталмыш бағдарлама қаржы секторын тұрақтандыру, жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу, шағын және орта бизнесті қолдау, инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту сияқты 5 негізгі бағытты қарастырады. Бірінші аталған төрт бағыттың операторы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады.

Жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру және мемлекетпен жүзеге асырылатын жылжымайтын мүлік нарығындағы дағдарысқа қарсы шаралар мониторингін жүргізу мақсатында 2009 жылы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ – еншілес компаниясы құрылды. Бұл екінші деңгейдегі банктер арқылы тұрғын үй құрылысын қолдаумен қатар,

құрылыс салушылардың тұрғын үй құрылысы нысандарын аяқтау үшін тікелей қаржыландыру механизмін іске қосуға мүмкіндік берді.

Құрылыс нысандарын басқа да қаржыландыру көздерімен қатар, Жылжымайтын мүлік қорынан бөлінген қаржылар экономиканың бұл сегментін тұрақтандырып, үлескерлердің проблемаларымен байланысты әлеуметтік мәселелерді шешіп қана қоймай, сонымен қатар бұл қиын кезеңді жылжымайтын мүлік нарығын дамыту мүмкіндігі ретінде пайдалануға, оның қатысушылары арасында өркениетті қарым-қатынас қалыптастыру, баға қалыптастыру механизміне шынайылық енгізу, сондай-ақ құрылыстың технологиялық процесіне талаптарды күшейтуге мүмкіндік берді.

2010 жыл Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің жаңа кезеңіне, дәлірек айтқанда сатып алынған тұрғын үйді өткізу бағдарламасының, жаңа механизм – сатып алумен жалға беру механизмін енгізудің бастамасына айналуы тиіс.

Келешекте осы бастамалардың бәрі қазақстандықтардың әлемдік сапа стандарттарына сай тұрғын үйлерге қол жетімділігін қамтамасыз ететініне сенім білдіремін.

УВАЖАЕМЫЕ ДАМЫ И ГОСПОДА!

Последние годы стали серьезным испытанием для всей экономической системы страны. В 2007–2009 годах государство приняло беспрецедентные меры по стабилизации экономики и финансовой системы. Реализуемая в Казахстане антикризисная программа признана одной из самых действенных и эффективных. Данная программа предусматривает 5 основных направлений – стабилизация финансового сектора, решение проблем на рынке недвижимости, поддержка малого и среднего бизнеса, реализация инновационных, индустриальных и инфраструктурных проектов, развитие агропромышленного комплекса. Оператором первых четырех перечисленных направлений является АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына».

В целях стабилизации рынка недвижимости и мониторинга антикризисных мер, реализуемых государством на рынке недвижимости, в 2009 году была создана дочерняя компания – АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына». Это позволило, наряду с поддержкой жилищного строительства через банки второго уровня, запустить меха-

низм прямого финансирования застройщиков для завершения объектов жилищного строительства.

Средства, направленные Фондом недвижимости на финансирование объектов строительства, наряду с другими источниками финансирования, позволили не только стабилизировать этот сегмент экономики, решить социальные вопросы, связанные с проблемами дольщиков, но и использовать этот сложный период как возможность для развития рынка недвижимости, выстроить цивилизованные отношения между его участниками, привнести прозрачность в механизм ценообразования, а также усилить требования к технологическому процессу строительства.

2010 год должен стать новым этапом в деятельности Фонда недвижимости, а именно началом программы реализации выкупленного жилья, внедрением нового механизма – аренды с выкупом.

Выражаю уверенность, что в будущем все эти шаги обеспечат доступность для казахстанцев жилья, отвечающего мировым стандартам качества.





ӘМРИН Ғ.К. / АМРИН Г.К.

«Самұрық-Қазына»
Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ
Басқармасының Төрағасы

«Самұрық-Қазына»
жылжымайтын мүлік қоры» АҚ
директорлар Кеңесінің мүшесі

Председатель Правления
АО «Фонд недвижимости
«Самрук-Қазына»

Член Совета директоров
АО «Фонд недвижимости
«Самрук-Қазына»

ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Сіздердің алдарыңызда «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ алғашқы жылдық есебі. Жылжымайтын мүлік қоры 2009 жылдың наурыз айында мемлекетпен жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру саласындағы дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру шеңберінде құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басшылығының жылжымайтын мүлік нарығын, сондай-ақ қаржы секторын, шағын және орта бизнесті, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды қолдау жөніндегі дер кезінде қолданылған шаралары әлемдік дағдарыстың әсерін төмендетуге және экономиканы тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Дара Акционер – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-мен алға қойған мәселелерді жүзеге асыруға Ұлттық қордан бөлінген қаржы есебінен Жылжымайтын мүлік қорына жалпы сомасы 225 млрд. теңгеге несиелік желі ашылды және 15 млрд. теңге мөлшерінде оның капиталға айналуы жүзеге асырылды.

2009 жылы біздің қызметіміз жобаларды талдау, бағалау және іріктеп алуға, оларды қаржыландыруға, құрылыс салушылардың бөлінген қаржыны мақсатты пайдалануына, олар орындайтын жұмыстардың, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы мен көлеміне бақылау жасаудың тиімді моделін құруға бағытталды.

Жылжымайтын мүлік қорымен қаржыландырылатын жобаларда, мемлекеттік сараптама қорытындысымен қатар, тәуелсіз ұйымның техникалық аудитінің қорытындысы болуы қажет. Жылжымайтын мүлік қорымен бөлінген қаржыны тиімді де мақсатты пайдалану мақсатында құрылыс нысандарында әрекет ететін техникалық қадағалауға қосымша әрбір қаржыландырылатын нысан бойынша супервайзерлер бекіту арқылы мониторинг жүргізу және бақылау механизмі енгізілген.

Есептік кезеңде Жылжымайтын мүлік қоры жалпы сомасы 78,5 млрд. теңгеге аяқталмаған құрылыстың 19 нысанын қаржыландыруға шарт жасасты. Бұл шарттардың орындалуы 3 123 үлескердің проблемасын шешуге мүмкіндік береді,

сондай-ақ Жылжымайтын мүлік қорымен әрі қарай тұрғындарға сату үшін 8 мыңнан астам пәтер сатып алынады. 2009 жылы олардың ішінде үш тұрғын үй кешені – «Ақжайық» ТК, «Әл-арқа» ТК және «Замечательный» ТК бірінші кезегінің құрылысы аяқталды.

Сонымен қатар Жылжымайтын мүлік қоры сатып алынған тұрғын және тұрғын емес (коммерциялық) үй-жайларды өткізу механизмдерін дайындау, жалға беру және сатып алумен жалға беру институтын енгізуді ескере отырып, тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамаларды жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізді.

Біз қазақстандық тауар өндірушілермен, жұмыс және қызмет көрсетушілермен серіктестік қарым-қатынасты дамытуға аса көңіл бөлеміз. Жылжымайтын мүлік қорының құрылымында «Нұр Отан» ХДП, Әкімдіктердің, «Атамекен» кәсіпкерлер одағының және құрылыс саласында және Жылжымайтын мүлік қорынан қаржыландырылатын нысандарда құрылыс материалдарын пайдалану мәселелері бойынша ұсыныстар дайындайтын Қазақстанның құрылыс салушылары қауымдастығының өкілдерінің қатысуымен Техникалық кеңес құрылды.

Құрылыс нысандарының өзіндік құнын төмендету, құрылыс сапасын бақылау, тұрғын үйдің жаңа стандарттарын енгізу, сондай-ақ тұрғын жайларды жалға беру және сатып алумен жалға беру механизмдерін енгізу бойынша шаралардың жүзеге асырылуының арқасында Жылжымайтын мүлік қоры көптеген тұрғындардың тұрғын үйге қол жетімділігі жағдайларын арттыруға ықпал ететін болады.

Акционерге артқан сенімі мен қолдауы үшін, серіктестерге бірлескен қызметі үшін алғысымды білдіремін, ал Жылжымайтын мүлік қоры ұжымына алға қойған мақсаттарға жетуде табандылық тілеймін.

УВАЖАЕМЫЕ ДАМЫ И ГОСПОДА!

Перед вами – первый годовой отчет АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына». Фонд недвижимости был создан в марте 2009 года в рамках реализации государством антикризисных мер в области стабилизации рынка недвижимости.

Своевременные меры Правительства Республики Казахстан и руководства АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» по поддержке рынка недвижимости, а также финансового сектора, малого и среднего бизнеса, промышленных и инфраструктурных проектов позволили минимизировать влияние мирового кризиса и стабилизировать экономику.

На реализацию поставленных задач Единственным акционером – ФНБ «Самрук-Қазына» – за счет средств, предоставленных из Национального фонда, Фонду недвижимости была открыта кредитная линия на общую сумму 225 млрд. тенге и осуществлена его капитализация в размере 15 млрд. тенге.

В 2009 году наша деятельность была сфокусирована на анализе, оценке и отборе проектов, их финансировании, построении эффективной модели контроля целевого использования застройщиками выделяемых средств, качества и объема выполняемых ими работ, закупаемых товаров и услуг.

Проекты, финансируемые Фондом недвижимости, наряду с заключением государственной экспертизы, должны иметь заключение технического аудита независимой организации. В целях эффективного и целевого использования выделяемых средств Фондом недвижимости, дополнительно к системе действующего технического надзора на объектах строительства, внедрен механизм мониторинга и контроля через закрепление супервайзеров по каждому финансируемому объекту.

В отчетном периоде Фонд недвижимости заключил договоры по финансированию 19 объектов не-

завершенного строительства на общую сумму 78,5 млрд. тенге. Реализация данных договоров позволит решить проблемы 3 123 дольщиков, а также будет приобретено Фондом недвижимости для последующей реализации населению свыше 8 тыс. квартир. Из них уже в 2009 году завершено строительство 3 жилых комплексов – ЖК «Ақжайық», ЖК «Аль-арқа» и первая очередь ЖК «Замечательный».


Также Фондом недвижимости проводилась работа по разработке механизмов реализации выкупленных жилых и нежилых (коммерческих) помещений, по совершенствованию законодательства в области жилищных отношений с учетом внедрения института аренды и аренды с выкупом.

Мы уделяем особое внимание развитию партнерских отношений с казахстанскими производителями товаров, работ и услуг. В структуре Фонда недвижимости был создан Технический совет с участием представителей НДП «Нур Отан», акиматов, союза предпринимателей «Атамекен» и Ассоциации застройщиков Казахстана, которые вырабатывают рекомендации по вопросам в сфере строительства и использования строительных материалов на объектах, финансируемых Фондом недвижимости.

Благодаря реализации мер по снижению себестоимости объектов строительства, контролю качества строительства, внедрению новых стандартов жилья, а также внедрению механизмов аренды с выкупом и аренды жилых помещений, Фонд недвижимости будет способствовать повышению условий доступности жилья широким слоям населения.

Выражаю искреннюю признательность Акционеру за оказанное доверие и поддержку, партнерам – за сотрудничество, а коллективу Фонда недвижимости желаю быть упорными в достижении поставленных целей.





«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА»
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ»
АҚ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ
ОБ АО «ФОНД НЕДВИЖИМОСТИ
«САМУК-ҚАЗЫНА»

ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жылжымайтын мүлік қоры) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 265 «Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешудің кейбір шаралары туралы» қаулысының негізінде құрылды. Жылжымайтын мүлік қоры 2009 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу органдарында тіркелді.

Жылжымайтын мүлік қоры Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігінің 2009-2010 жылдарға арналған экономикалық және қаржылық жүйені тұрақтандыру жөніндегі бірлесіп әрекет ету жоспарын (бұдан әрі – Бірлесіп әрекет ету жоспары) жүзеге асыру шаралары шеңберінде құрылыс нысандарындағы тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу, жалгерлік тұрғын үй нарығын дамыту жолымен тұрғындарды тұрғын үй қолжетімділігімен қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

Жылжымайтын мүлік қорының дара акционері «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) болып табылады. «Самұрық-Қазына» АҚ 400 еншілес және тәуелді ұйымды және оларға қосылған заңды тұлғаларды, олардың ішіндегі ең ірілері - «ҚазМұнайГаз» АҚ, «Қазақстан темір жолы» АҚ (теміржол), «Қазақтелеком» АҚ, «KEGOC» АҚ (электр желілерін басқару жөніндегі ұлттық оператор), «Қазатомпром» АҚ, «Эйр Астана» АҚ (ұлттық

әуетасымалдаушы), сонымен қатар даму институттарын біріктіреді. 2009 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтер бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ топтастырылған активтері 3,98 трлн. теңгені (АҚШ 33,1 млрд. доллары) құрады.

Жылжымайтын мүлік қоры 2009 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің органдарында тіркелді.

Қордың құнды қағаздарын ұстаушылардың тізілімін жүргізуді құрылған сәттен бастап, 08.04.2005 ж. берілген №0406200360 лицензия негізінде әрекет етуші «Бірінші тәуелсіз тіркеуші» АҚ жүзеге асырды. Осы жылдық есепті дайындау кезінде тіркеуші ауысты. Қоғамның құнды қағаздарының жаңа тіркеушісі болып қызметін 10.03.2005 ж. берілген № 0406200345 лицензия негізінде жүзеге асырушы «Құнды қағаздарды тіркеу жүйесі» АҚ сайланды.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСТЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ:

- 1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУҒА ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУГЕ ЫҚПАЛ ЕТУ;
- 2 КОМПАНИЯНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН КӨТЕРУ;
- 3 БАНК ЖӘНЕ ҚАРЖЫ СЕКТОРЛАРЫН ТҰРАҚТАНДЫРУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ОПЕРАТОРЫНЫҢ РӨЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.

ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ И АКЦИОНЕРЫ

Акционерное общество «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына» (далее – Фонд недвижимости) создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 марта 2009 года № 265 «О некоторых мерах по решению проблем на рынке недвижимости».

Фонд недвижимости создан в рамках реализации Плана совместных действий Правительства Республики Казахстан, Национального Банка Республики Казахстан и Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций по стабилизации экономики и финансовой системы на 2009–2010 годы (далее – План совместных действий) в целях стабилизации рынка недвижимости путем приобретения жилых и нежилых помещений в объектах строительства и

обеспечения доступности жилья для населения путем развития рынка арендного жилья.

Единственным акционером Фонда недвижимости является акционерное общество «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (далее – АО «Самрук-Қазына»). АО «Самрук-Қазына» объединяет свыше 400 дочерних и зависимых организаций и аффилированных с ними юридических лиц, наиболее крупные из которых – АО «НК «КазМунайГаз», АО «НК «Қазақстан темір жолы», АО «Қазақтелеком», АО «KEGOC», АО «НАК «Казатомпром», АО «Эйр Астана», а также институты развития. По данным на 1 января 2009 года, консолидированные активы АО «Самрук-Қазына» составили 3,98 трлн. тенге.

Деятельность Фонда недвижимости в 2009 году осуществлялась в рамках указанного третьего стратегического направления Единственного акционера.

Фонд недвижимости зарегистрирован в органах Министерства юстиции Республики Казахстан 19 марта 2009 года.

Ведение реестра держателей ценных бумаг Фонда с момента основания осуществлялось АО «Первый независимый регистратор», действующим на основании лицензии № 0406200360 от 08.04.2005 г. В период разработки данного годового отчета была произведена перемена регистратора. Новым регистратором ценных бумаг Общества было выбрано АО «Регистраторская система ценных бумаг», осуществляющее деятельность на основании лицензии № 0406200345 от 10.03.2005 г.

ОСНОВНЫМИ СТРАТЕГИЧЕСКИМИ НАПРАВЛЕНИЯМИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АО «САМРУК-ҚАЗЫНА» ЯВЛЯЮТСЯ:

- 1 СОДЕЙСТВИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ;
- 2 ПОВЫШЕНИЕ ДОЛГОСРОЧНОЙ СТОИМОСТИ КОМПАНИЙ;
- 3 ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ РОЛИ ОПЕРАТОРА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ СТАБИЛИЗАЦИИ БАНКОВСКОГО И ФИНАНСОВОГО СЕКТОРОВ.

ҚЫЗМЕТ МИССИЯСЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Жылжымайтын мүлік қорының миссиясы – жаңа активтер шығару және жалгерлік тұрғын үй нарығын дамыту арқылы халықты тұрғын үйге қол жетімдік жағдайымен қамтамасыз ету.

Жылжымайтын мүлік қорының басты стратегиялық мақсаттары:

- 1** мемлекетке жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруда ықпалдасу,
- 2** жалгерлік жылжымайтын мүлік нарығын дамыту,
- 3** компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру

Қысқа мерзімдік кезең - Бірлесіп әрекет ету жоспарын жүзеге асыру кезеңінде Жылжымайтын мүлік қорының негізгі басымдығы жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру болып табылады. Бұл кезеңде төмендегі мәселелер шешілуі тиіс:

- Бірлесіп әрекет ету жоспары шеңберіндегі шараларды жүзеге асыру үшін Жылжымайтын мүлік қорына Дара акционермен бөлінген Ұлттық қор қаржысын тиімді пайдалану,
- аяқталмаған құрылыс нысандары үлескерлерінің проблемаларын шешу арқылы әлеуметтік шиеленісті төмендету,
- қалыптасқан жылжымайтын мүлік пулын жүзеге асыру механизмдерін енгізу (жалға беру, сатып алумен жалға беру),
- корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін енгізу.

Орта- және ұзақ мерзімді кезеңде Жылжымайтын мүлік қоры жалгерлік жылжымайтын мүлік нарығын дамытуға, активтердің ұзақ мерзімді құнын арттыруға бағытталады. Жылжымайтын мүлік қорының қызметі төмендегі мәселелерді шешуге шоғырландырылады:

- жылжымайтын мүлікті ұзақ мерзімді жалға беру механизмінің тартымдылығын арттыру (бәсекеге қабілетті баға қалыптастыру, жалгерлік тұрғын үйінің сапасын арттыру, жалгерлік қатынастарының тазалығы үшін қажетті құқықтық негіздер жасау),

- жалгерлік жылжымайтын мүлік нарығын дамыту үшін қаржыландыруды тарту және жылжымайтын мүлік пулын жасау,
- Қазақстан Республикасы аймақтарын дамытудың келешегін ескере отырып, аймақтық әртараптандыру,
- инвестициялардың нарықтық қайтарылымына қол жеткізу,
- шығындарды оңтайландыру және жылжымайтын мүлік пулын басқару құнын төмендету,
- активтердің оңтайлы құрылымын қалыптастыру.

БҰЛ КЕЗЕҢНІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ:

- тұрғын үй құрылысына инвестицияларды өсіру,
- елдің тұрғын үй қорын жақсарту, тұрғын үйдің заманауи стандарттарын енгізу,
- отандық жұмыс, тауар және қызметтер өндірушілерін қолдау.



МИССИЯ И СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЦЕЛИ

Миссия Фонда недвижимости – обеспечение условий доступности жилья населению путем создания новых активов и развития рынка арендного жилья. Основными стратегическими целями Фонда недвижимости являются:

- 1** содействие государству в стабилизации рынка недвижимости;
- 2** развитие рынка арендной недвижимости;
- 3** повышение долгосрочной стоимости компании.

В краткосрочном периоде – на этапе реализации Плана совместных действий основным приоритетом деятельности Фонда недвижимости будет стабилизация рынка недвижимости. На данном этапе должны быть решены следующие задачи:

- эффективное использование средств Национального фонда, предоставленных Единственным акционером

Фонду недвижимости для реализации мер в рамках Плана совместных действий;

- снижение социальной напряженности путем решения проблем дольщиков незавершенных объектов строительства;
- внедрение механизмов реализации созданного пула недвижимости (аренда, аренда с выкупом);
- внедрение эффективной системы корпоративного управления.

В средне- и долгосрочном периоде Фонд недвижимости будет нацелен на развитие рынка арендной недвижимости, повышение долгосрочной стоимости активов. Деятельность Фонда недвижимости будет сконцентрирована на решении следующих задач:

- повышение привлекательности механизма долгосрочной аренды недвижимости (конкурентоспособное ценообразование, улучшение качества арендного жилья, создание необходимых правовых основ для придания прозрачности арендным отношениям);
- инвестирование в строительство жилья для развития рынка арендной недвижимости;
 - региональная диверсификация с учетом перспектив развития регионов Республики Казахстан;
 - оптимизация затрат и снижение стоимости управления пулом недвижимости.

ОБЩИМИ ЗАДАЧАМИ ЭТАПОВ ЯВЛЯЮТСЯ:

- рост инвестиций в жилищное строительство;
- улучшение жилищного фонда страны, внедрение современных стандартов жилья;
- поддержка отечественных производителей работ, товаров и услуг.





КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
КОРПОРАТИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Жылжымайтын мүлік қоры корпоративтік басқаруды Қор қызметінің тиімділігін арттырудың, оның абыройын күшейтудің және капитал тарту шығындарын азайтудың құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқарудың негізінде заң үстемдігі қағидасы жатыр.

Қоғамның жоғарғы органы – Дара акционер – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады. Дара акционер Қоғамның қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауға өкілетті. Оның міндеті мен қызметі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, сондай-ақ Жарғы ережелерімен және Дара акционердің ішкі құжаттарымен белгіленген.

Директорлар кеңесі Қоғамға жалпы басшылық жасайды, сонымен қатар, Дара акционердің ерекше құзыретіне жататын мәселелерден басқа, атқарушы орган қызметіне бақылау жасайды. Директорлар кеңесі Дара акционердің алдында толығымен есеп береді және оның алдында өз міндеттемелерінің орындалуы үшін жауапты.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 6 мүшесінен (Директорлар кеңесінің төрағасымен қоса) тұрады, оның ішінде 2 мүше тәуелсіз директор болып табылады. Директорлар кеңесі қызметін тиімді орындауға ықпал ету мақсатында 2010 ж. Аудит комитетін, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет құру жоспарланған.

2009 ж. Директорлар кеңесінің 17 мәжілісі өткізілді, оның ішінде 4 мәжіліс ашық түрде және 13 сырттай дауыс беру жолымен жүргізілді. Директорлар кеңесі барлығы 78 шешім қабылдады, оның ішінде:

- Қордың ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (40 мәселе шамасында);
- Қордың аяқталмаған құрылыс нысандарының құрылысына қатысуын қолдау (негізгі қызмет бойынша 16 мәселе шамасында);
- кадрлық мәселелер (14 мәселе).

Қоғамкомпаниясыныңағымдағықызметіне,мақсаттарын, стратегиясы мен саясатын жүзеге асыруға басшылық етуді басқа органдардың және Қоғам қызметінің лауа-

зымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады.

Қоғамның ағымдағы қызметін жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін 2009 ж. Қоғам Басқармасының жанынан алқалық органдар – Бюджеттік комитет, Инвестициялық комитет және Техникалық комитет құрылды.

Бюджеттік комитет Қоғамның Қоғам Басқармасы жанындағы үнемі әрекет ететін консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Комитет қызметінің мақсаты Дамыту жоспарын өз уақытында және сапалы дайындауды, тиісті қаржылық жылға Қоғам бюджетін жоспарлауды және оларды түзету мен орындау бойынша ұсыныстарды өңдеуді, сонымен қатар Қоғам өкілдерінің еншілес ұйымдардың басқару органдарында бекітуге ұсынылған Дамыту жоспары мен бюджеттер бойынша бірыңғай көзқарасын қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Инвестициялық комитет Қоғамның Қоғам Басқармасы жанындағы үнемі әрекет ететін консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Комитет қызметінің мақсаты ішкі инвестициялық саясатты жүзеге асыру болып табылады.

Техникалық кеңес Қордың басқару органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің жүйесіне енбейтін алқалық консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Техникалық кеңес қызметінің мәні мен мақсаты құрылыс және құрылыс материалдарымен, жабдықтарымен қамтамасыз ету саласында техникалық мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау, сондай-ақ Қормен қаржыландырылатын нысандардың құрылысымен байланысты инжинирингтік және басқа қызметтер көрсететін ұйымдардың тізімін бекіту болып табылады.

Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін, ішкі бақылау саласындағы бағалау, тәуекелдерді басқару, корпоративті басқару саласында құжаттардың орындалуын және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді бақылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылды. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына сайлана алмайды.

СИСТЕМА КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ

Фонд недвижимости рассматривает корпоративное управление как инструмент повышения эффективности деятельности Фонда, укрепления его репутации и снижения затрат на привлечение им капитала.

Высшим органом Общества является Единственный акционер – АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына». Единственный акционер уполномочен принимать решения по всем вопросам, касающимся деятельности Общества. Его функции и деятельность определены законодательством Республики Казахстан, а также положениями устава и внутренними документами Единственного акционера.

Совет директоров осуществляет общее руководство деятельностью Общества, а также контроль над деятельностью исполнительного органа, за исключением вопросов, отнесенных к исключительной компетенции Единственного акционера. Совет директоров полностью подотчетен Единственному акционеру и несет перед ним ответственность за выполнение своих обязанностей.

Совет директоров состоит из 6 членов (включая председателя Совета директоров), в том числе двух независимых директоров. В целях содействия эффективному выполнению функций Совета директоров в 2010 г. планируется создание Комитета по аудиту, Комитета по назначениям и вознаграждениям.

В 2009 г. было проведено 17 заседаний Совета директоров, из них 4 заседания в очной форме и 13 – путем заочного голосования. Всего Советом директоров было принято 78 решений, в том числе:

- утверждение документов, регламентирующих внутреннюю деятельность Фонда (40 вопросов);
- одобрение участия Фонда в строительстве незавершенных объектов строительства (16 вопросов по основной деятельности);
- кадровые вопросы (14 вопросов).

Руководство текущей деятельностью, реализацией целей, стратегий и политики компании Общества осуществляет исполнительный орган – Правление, которое при-

нимает решения по вопросам деятельности Общества, не отнесенным к компетенции других органов и должностных лиц Общества.

Для содействия осуществлению текущей деятельности Общества в 2009 г. созданы коллегиальные органы при Правлении Общества – Бюджетный комитет, Инвестиционный комитет, Технический совет.


Бюджетный комитет является постоянно действующим консультативно-совещательным органом Общества при Правлении Общества. Целью деятельности комитета является обеспечение своевременной и качественной разработки Плана развития и бюджета Общества на соответствующий финансовый год, выработка предложений по их корректировке и исполнению, а также выработка единой позиции представителей Общества в органах управления дочерних организаций по выносимым на утверждение планам развития и бюджетам.

Инвестиционный комитет является постоянно действующим консультативно-совещательным органом при Правлении Общества. Целью деятельности комитета является реализация внутренней инвестиционной политики.


Технический совет является коллегиальным консультативно-совещательным органом, не входящим в систему органов управления и структурных подразделений Фонда. Предметом и целью деятельности Технического совета является выработка рекомендаций по техническим вопросам в сфере строительства и обеспечения строительными материалами и оборудованием, а также утверждение перечня организаций, оказывающих инжиниринговые и другие услуги, связанные со строительством объектов, финансируемых Фондом.

Для осуществления контроля над финансово-хозяйственной деятельностью, оценки в области внутреннего контроля, управления рисками, исполнения документов в области корпоративного управления и консультирования в целях совершенствования деятельности Общества создана Служба внутреннего аудита. Служба внутреннего аудита непосредственно подчиняется Совету директоров. Работники Службы внутреннего аудита не могут быть избраны в состав Совета директоров и Правления.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



СТРУКТУРА КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ



АҚПАРАТТЫ АШУ

Жылжымайтын мүлік қоры www.kazproperty.kz корпоративтік веб сайтында және бұқаралық ақпарат құралдарында өз қызметі туралы ақпаратты шынайы ашып көрсету арқылы ашықтық пен тазалық қағидаларын ұстанады. Қоғамның корпоративтік веб-сайтында Қазақстан Республикасы заңнамаларына,

сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам туралы ақпарат ұсынылған және үнемі жаңартылып отырылады.

Сыртқы аудит шетелдік және қазақстандық аудиторлық компаниялар арасынан конкурстық жолмен іріктеп алынған «үлкен төрттіктің» компания-өкілі Ernst & Young LLP-мен жүзеге асырылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қоғам құрылыста және жылжымайтын мүлік нарығын дамытуда ең үздік практика мен халықаралық озық тәжірибелерді пайдалануға тырысады. Жылжымайтын мүлік қоры құрылыс саласындағы жоғары технологиялар саласының әлемдік көшбасшыларымен, сонымен қатар жылжымайтын мүліктің халықаралық инвестициялық қорларымен бірлесе әрекет етеді. Жылжымайтын мүлік қорының серіктестері Изумрудный Квартал, ARUP – виторажды жүйелерін жеткізу, Pilkington – жылусақтағыш шыныларды жеткізу, Siemens – «ақылды үй» жүйесін

жасау, LG Electronics - лифтер мен «ақылды үй» жүйесі үшін жабдықтарды жеткізу, Danfoss - жылу орындар үшін жабдықтар, Viessman компаниясы - жылу сораптарды енгізу жобасын жетілдіру және шығындарын бақылайтын AECOM SAVANT компаниясы болып табылады. Үнтымақтастық және тәжірибе алмасу шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры малазиялық Amanah Raya REIT жылжымайтын мүлік инвестициялық қорымен өзара әрекет етеді, халықаралық конференцияларға қатысады.

2009 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ КОРПОРАТИВТІ ОҚИҒАЛАР

- | | |
|--------------------------|---|
| 17 наурыз 2009 | Жылжымайтын мүлік қорының Дара акционерінің мына мәселелер бойынша шешімі: <ul style="list-style-type: none"> - Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау, - Қоғам Басқармасы Төрағасын тағайындау, - Қоғам Басқармасы Төрағасының екі орынбасарын ұсыну. |
| 19 наурыз 2009 | №96898-1910-АО нөмірімен Алматы қ. Заңды тұлғаны тіркеу (Жарғыны тіркеу, СТН, статистикалық картаны алу). |
| 23 сәуір 2009 | «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жылжымайтын мүлікті сатып алу Ережесін Дара акционер Басқармасының бекітуі. |
| 8 мамыр 2009 | Қоғамның Директорлар кеңесінің «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ аяқталған және аяқталмаған тұрғын үй нысандарын (үй-жайларды) сатып алуға берілген өтініштерді қабылдау және қарау тәртібін бекітуі. |
| 8 мамыр 2009 | «Базис-А» корпорациясының еншілес компанияларымен алғашқы үлестік қатысу шарттарын жасау. |
| 30 қараша 2009 | Қоғамның Директорлар кеңесінің «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-мен сатып алынатын нысандардың (үй-жайлардың) сапалық сипаттамасына қойылатын талаптарын бекітуі. |
| 10 желтоқсан 2009 | Қоғамның Директорлар кеңесінің «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын үй және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларды сату Ережесін бекітуі. |

РАСКРЫТИЕ ИНФОРМАЦИИ

Фонд недвижимости соблюдает принципы открытости и прозрачности через объективное раскрытие информации о деятельности на корпоративном веб-сайте **www.kazproperty.kz** и средствах массовой информации. На корпоративном веб-сайте Общества представлена и регулярно обновляется информация об

Обществе в соответствии с законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Общества.

Внешний аудит осуществляется компанией-представителем «большой четверки» Ernst & Young LLP, отобранной в конкурсном порядке из числа зарубежных и казахстанских аудиторских компаний.

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

Общество стремится использовать наилучшую практику и передовой международный опыт в строительстве и развитии рынка недвижимости. Фонд недвижимости сотрудничает с мировыми лидерами в сфере высоких технологий в области строительства, а также с международными инвестиционными фондами недвижимости. Партнерами Фонда недвижимости являются компания AECOM SAVANT (техническое сопровождение и контроль затрат проекта «Изумрудный Квартал»), ARUP (поставка витражных систем), Pilkington (поставка энергосбере-

гающих стекол), Siemens (разработка системы «умный дом»), LG Electronics (поставка лифтового оборудования и системы «умный дом»), а также компании Danfoss (оборудование для тепловых пунктов) и Viessman (разработка проекта по внедрению тепловых насосов). В рамках сотрудничества и обмена опытом Фонд недвижимости взаимодействует с малайзийским инвестиционным фондом недвижимости AmanahRaya REIT, участвует в международных отраслевых конференциях.


ОСНОВНЫЕ КОРПОРАТИВНЫЕ СОБЫТИЯ В 2009 ГОДУ

17 марта 2009	Решение Единственного акционера Фонда недвижимости по вопросам: <ul style="list-style-type: none"> - избрания членов Совета директоров Общества; - назначения Председателя Правления Общества; - рекомендации двух заместителей Председателя Правления Общества.
19 марта 2009	Регистрация юридического лица за номером № 96898-1910-АО в г. Алматы (регистрация устава, получение РНН, статистической карты).
23 апреля 2009	Утверждение «Правил закупа недвижимости» АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына» Правлением Единственного акционера Общества.
8 мая 2009	Утверждение Советом директоров Общества «Порядка принятия и рассмотрения заявок на закуп жилых объектов (помещений) завершенного и незавершенного строительства» АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына».
8 мая 2009	Заключение первых договоров долевого участия с дочерними компаниями корпорации «Базис-А».
30 ноября 2009	Утверждение Советом директоров Общества «Требований к качественным характеристикам объектов (помещений)», приобретаемых АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына».
10 декабря 2009	Утверждение Советом директоров Общества «Правил реализации жилых и коммерческих (нежилых) помещений» АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына».

2009 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2 009 жылы Жылжымайтын мүлік қоры жалпы сомасы 78,5 млрд. теңгеге* аяқталмаған құрылыстың 19 нысанын қаржыландыруға шарт жасасты. 34,2 млрд. теңгеге нысандарды қаржыландыру жүзеге асырылды.

Бұл шарттардың шеңберінде:

-  - **2 710 үлескердің** проблемасы шешілетін болады;
- Барлығы **0,9 млн. ш. м** пайдалануға беріледі, оның 0,7 млн. ш. м тұрғын үй алаңы (8 402 пәтер), 0,2 млн. ш. м – коммерциялық;
- Қор меншігіне жалпы алаңы 390 мың ш. м **4 726 пәтер** (оның ішінде 2286 пәтер, немесе 172 мың ш. м - опцион бойынша), коммерциялық үй-жайлар - 204 мың ш. м (40 мың ш. м. опцион бойынша), 1 551 көлік орыны ауысады.

2009 жылы 2 нысанның («Ақжайық» ТК, «Эл-арқа» ТК) және 1 кезектің («Замечательный» ТК, 1 кезек) құрылыстық-монтаждау жұмыстары аяқталды.

2009 жылы 23 ірі құрылыс материалдары және жабдықтарын өндірушілермен алдағы мақсаттар мен өзара ынтымақтастық туралы 24 меморандумға қол қойылды. Қормен қаржыландырылған, құрылыс салушылармен қол қойылған меморандумдар шеңберінде материалдар мен жабдықтар жеткізуге 79 шарт жасалды. Құрылыс салушылардың сатып алуының жалпы көлеміндегі қазақстандық үлес 71% құрады.

2009 жылдың 18 тамызында Дара акционер мен Қордың арасында құрылыс нысандарын аяқтау үшін жалпы сомасы 225 млрд. теңгеге №10/ФН несиелік шарт жасалды. Жалпы Жылжымайтын мүлік Қорымен 34,2 млрд. теңгеге несиелік қаржы игерілген.

2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Жылжымайтын мүлік қорының активтері

— **49755 млн. теңге**

Жылжымайтын мүлік қорының міндеттемелері

— **23879 млн. теңге**

Жарғы капиталы

— **15000 млн. теңге**

Қосымша төленген капитал

— **10862 млн. теңге**

Бөлінбеген пайда

— **14 млн. теңге**

* Деректер 2009 ж. соңында бұзылу процесінде болған үлестік қатысудың 3 шартын есепке алмай келтірілген. Осы есепті жазу кезінде 2010 ж. қаңтарда 2009 ж. жалпы сомасы 14,5 млрд. теңгеге жасалған үлестік қатысудың 3 жобасы бойынша шарттар бұзылды:

1) «Лазурный Квартал» ТК, 2) «Сармат» ТК, 3) «Премьера» ТК.

«Лазурный Квартал» ТК және «Сармат» ТК жобалары бойынша құрылыс салушымен құрылыс салушыны бұдан әрі несиелендіру үшін «Самұқ-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мақсаттық депозиттерін ЕДБ-ге орналастыру арқылы қаржыландырудың балама сызбасына қатысу туралы шешім қабылданды.

«Премьера» ТК жобасы бойынша шарт нысан құрылысын аяқтауға смета құрастыру әдістемесінде анықталған кемшіліктер үшін 2009 жылғы 20 қазандағы «Мемсараптама» РМК қорытындысының негізінде бұзылды.

Аталған шарттардың бұзылуы нәтижесінде Қор портфелінен 78 мың. ш. м. тұрғын үй (1 148 пәтер) және 29,5 мың. ш. м. коммерциялық жылжымайтын мүлік шығарылды.

КЛЮЧЕВЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЗА 2009 ГОД

Фондом недвижимости в 2009 г. заключены договоры на финансирование 19 объектов незавершенного строительства на общую сумму 78,5 млрд. тенге*. Финансирование объектов осуществлено на 34,2 млрд. тенге.

В рамках данных договоров:

- будут решены проблемы **2 710 дольщиков**;
- всего будет введено в эксплуатацию **0,9 млн. кв. м**, из которых 0,7 млн. кв. м жилой площади (8 402 квартиры), 0,2 млн. кв. м – коммерческой;
- в собственность Фонда перейдут **4 726 квартир** общей площадью 390 тыс. кв. м (из них 2 286 квартир, или 172 тыс. кв. м по опциону), коммерческих помещений – 204 тыс. кв. м (40 тыс. кв. м по опциону), 1 551 машиноместо.

В 2009 году были завершены строительно-монтажные работы на двух объектах (ЖК «Акжайык», ЖК «Аль-арка» и первой очереди (ЖК «Замечательный», очередь 1).

В 2009 году подписано 24 меморандума о намерениях и взаимном сотрудничестве с 23 крупными производителями строительных материалов и оборудования. В рамках подписанных меморандумов застройщиками, финансируемыми Фондом, заключены 79 договоров на поставку материалов и оборудования. Доля казахстанского содержания в общем объеме закупок застройщиков составила 71%.

18 августа 2009 года между Единственным акционером и Фондом заключен кредитный договор № 10/ФН на общую сумму 225 млрд. тенге для финансирования завершения объектов строительства. В 2009 г. Фондом недвижимости освоено кредитных средств на 34,2 млрд. тенге.

По состоянию на 31 декабря 2009 года

Активы Фонда недвижимости

— 49 755 млн. тенге

Обязательства Фонда недвижимости

— 23 879 млн. тенге

Уставный капитал

— 15 000 млн. тенге

Дополнительно оплаченный капитал

— 10 862 млн. тенге

Нераспределенная прибыль

— 14 млн. тенге

* Данные приведены без учета 3 договоров долевого участия, которые в конце 2009 г. были в процессе расторжения. Во время написания настоящего отчета в январе 2010 г. по 3 проектам были расторгнуты договоры долевого участия, которые были заключены в 2009 г. на общую сумму 14,5 млрд. тенге:

1) ЖК «Лазурный квартал», 2) ЖК «Сармат», 3) ЖК «Премьера».

По проектам ЖК «Лазурный квартал» и ЖК «Сармат» застройщиком было принято решение участвовать в альтернативной схеме финансирования через размещение АО «ФНБ «Самрук-Қазына» целевых депозитов в БВУ для последующего кредитования застройщика.

По проекту ЖК «Премьера» договор был расторгнут вследствие отзыва заключения РГП «Госэкспертиза» 20 октября 2009 г. из-за обнаруженных нарушений в методике составления сметы на завершение строительства объекта.

В результате расторжения данных договоров из портфеля Фонда было выведено 78 тыс. кв. м жилой (1 148 квартир) и 29,5 тыс. кв. м коммерческой

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АЯҚТАУДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ қызметінің негізгі бағыты мыналар:

1) Аяқталған немесе салынып жатқан тұрғын үй құрылысының нысандарындағы тұрғын үй және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу;

2) Аталған мүлікті тиімді басқаруды қамтамасыз ету.

Инвестициялық процесті регламенттеу және тиімділігін арттыру мақсатында Жылжымайтын мүлік қоры 2009 ж. мынадай негізгі құжаттарды дайындады:

- Бір шаршы метр үй-жайдың сатылу құнын анықтауда қолданылатын түзету коэффициентін есептеу әдісі;
- Жылжымайтын мүлікті сатып алу тәртібі;
- Өтініштерді (Құрылыс салушылардан) қабылдау және қарау тәртібі;
- Тұрғын үй және тұрғын емес (коммерциялық) үй-жайлардың жалгерлік төлемі және сатып алу сомасын есептеу әдісі;
- Тұрғын үй және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларды өткізу тәртібі.

Жылжымайтын мүлік қоры экономикалық, техникалық және заңды сараптамадан тұратын кешенді сараптама жобаларын жүзеге асырады.

Сонымен қатар құрылыс нысандарының тәуелсіз техникалық аудиті және мемлекеттік сараптамасы болуы міндетті.

Құрылыс нысанының техникалық аудиті мынаны анықтайды:

- жобалық-сметалық құжаттаманың толықтығы және заңнама талаптарына сәйкестігі;
- құрылыс нысанының аяқталу дәрежесі;
- қалдық жұмыстардың көлемі мен олардың құны;
- техникалық куәландыру;
- Жылжымайтын мүлік қоры талап ететін қысқа талаптарға сәйкестігі.

Құрылыс нысанының мемлекеттік сараптамасы мыналарды анықтайды:

- нысанның ҚР ҚНЖЕ қойылатын талаптарға сай болуы;

- құрылыстағы жобалық және техникалық шешімдердің жеткіліктілігі және тиімділігі;


- құрылыс құнын анықтаудың шынайылығы.

Құрылыс нысанын, оны әрі қарай инвестициялау үшін қарау процесінің міндеттері мыналар:

- ғимаратты сатып алудың мақсаттылығы, инвестицияларды қайтарудың сенімділігі;
- Құрылыс салушының құқық субъектілігін анықтау, нысанының құқығын анықтаушы құжаттар, Құрылыс салушы мен контрагенттердің шарттық қатынастарынан туындайтын тәуекелдер;
- нысанды аяқтаудың сметалық құжаттамасының қолданыстағы заң талаптарына сәйкестігін анықтау.

Жылжымайтын мүлікті сатып алу Дара акционердің шешімімен бекітілген жылжымайтын мүлікті сатып алу Ережесінің негізінде жүзеге асырылады. Жылжымайтын мүлік қоры осы Ережеге сәйкес тұрғын үй құрылыстары нысандарын таңдайды, жалпы қаржыландыру сомасын, 1 ш.м. бағасын белгілейді және Жылжымайтын мүлік қорының Директорлар кеңесімен, Дара акционер Басқармасымен бекітілетін және Қазақстан Республикасы Үкіметімен құпталатын аталған нысандардың тізбесін қалыптастырады.

Құрылыс нысандарын қарау және іріктеп алу сызбасы:



Құрылыс салушы
процедуралары
Процедуры
застройщика

Жылжымайтын мүлік
қорының процедуралары
Процедуры Фонда
недвижимости

ИНВЕСТИРОВАНИЕ В ЗАВЕРШЕНИЕ ОБЪЕКТОВ СТРОИТЕЛЬСТВА

Основными направлениями деятельности АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына» являются:

- 1) Приобретение жилых и нежилых помещений в завершенных или строящихся объектах жилищного строительства;
- 2) Обеспечение эффективного управления указанным имуществом.

В целях регламентации и повышения эффективности инвестиционного процесса Фондом недвижимости в 2009 г. разработаны следующие основные документы:

- «Методика расчета поправочного коэффициента, применяемого при определении выкупной стоимости одного квадратного метра помещений»;
- «Правила закупа недвижимости»;
- «Правила принятия и рассмотрения заявок (от застройщиков)»;
- «Методика расчета арендного платежа и суммы выкупа жилых и нежилых (коммерческих) помещений»;
- «Правила реализации жилых и коммерческих (нежилых) помещений».

Фонд недвижимости осуществляет комплексную экспер-

тизу проектов, которая включает экономическую, техническую и юридическую экспертизу.

Также обязательно наличие независимого технического аудита и государственной экспертизы объектов строительства.

Технический аудит объекта строительства определяет:

- полноту и соответствие проектно-сметной документации требованиям законодательства;
- степень завершенности объекта строительства;
